

Павлодар қаласы әкімдігінің 2007 жылғы 9 қарашадағы "Қоғамдық жұмыстарды қаржыландыру және ұйымдастыру туралы" N 1444/24 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Павлодар облысы Павлодар қалалық әкімдігінің 2009 жылғы 16 қаңтардағы N 25/1 қаулысы. Павлодар облысы Павлодар қаласының Әділет басқармасында 2009 жылғы 13 ақпанда N 133 тіркелген

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 20-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы N 836 қаулысымен бекітілген, қоғамдық жұмыстарды қаржыландыру және ұйымдастыру Ережесін іске асыру мақсатында Павлодар қаласының әкімдігі **Қ А У Л Ы**
Е Т Е Д І :

1. Павлодар қаласы әкімдігінің 2007 жылғы 9 қарашадағы "Қоғамдық жұмыстарды қаржыландыру және ұйымдастыру туралы" N 1444/24 қаулысына (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде N 12-1-99 тіркелген, 2007 жылғы 13 желтоқсандағы "Сарыарқа самалы" N 144, 2007 жылғы 3 желтоқсандағы "Версия" N 48 газеттерінде жарияланған мынадай өзгерістер енгізілсін:

қаулыда көрсетілген 3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын: "Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Павлодар қаласы жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органы жұмыс көлемдерін көрсетумен меншік нысандарға қатысты емес кәсіпорындармен және ұйымдармен қоғамдық жұмыстарды атқаруға келісім шарт жасасын және жұмыссыз азаматтарды қоғамдық жұмыстарға жолдасын. Жұмыс түріне сәйкес Қазақстан Республикасының стандарттау, метрологиялау және құжаттандыру жөніндегі Комитеттің 1999 жылғы 16 қазандағы N 22 қаулысымен бекітілген сабақтарды жіктеу бойынша қоғамдық жұмыстарға жолдама ж а с а с ы н . " ;

көрсетілген қаулыдағы 1-қосымша осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа р е д а к ц и я д а ж а з ы л с ы н .

2. Осы қаулы оның алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін 10 (он) күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Б. Ә. Қапеневке жүктелсін.

Павлодар қаласының әкімі *Б. Демеуов*
П а в л о д а р қ а л а с ы ә к і м д і г і н і ң
2 0 0 9 ж ы л ғ ы 1 6 қ а ң т а р д а ғ ы

№ 25 / 1 қ а у л ы с ы н а
қосымша
Павлодар қаласы әкімдігінің
2007 жылғы 9 қарашадағы
№ 1444 / 24 қ а у л ы с ы н а
1-қосымша

Қоғамдық жұмыстардың түрлері

1. Қала (шағынаудандар, ауылдық аймақтар, зират, қоқыс тастайтын жерлерді күзету және тағы басқалары) аумағын көріктендіруге көмек көрсету.
2. Тұрғын қорларына арналған жөндеу жұмыстары және тұрғын үй -коммуналдық шаруашылық кәсіпорындарының аумағын жинауға көмек көрсету.
3. Тұтынушылар кооперативтерінің бау - бақша серіктестігін күзету.
4. Көп қабатты тұрғын үйлердің кірмелерін күзету.
5. Әлеуметтік бағыты бар, үкіметтік емес ұйымдардың, қайырымдылық көмек көрсету қорларының әлеуметтік - мәдени объектілерінде құрылыс және жөндеу жұмыстары, қосалқы жұмыстар.
6. Жолдарды жөндеу және салу.
7. Меншікті нысаны түріндегі өнеркәсіптік кәсіпорындарында қосалқы жұмыстар.
8. Жалғызбасты қарияларды және мүгедек адамдарды күту, сырқат адамдарға, оның ішінде мүгедек балаларға көмек көрсету.
9. Мәдени саладағы ауқымдық шаралар (Қыс қалашығын салу және басқада).
10. Әлеуметтік мәні бар аурулармен (нашақорлық, АҚТҚ/ЖҚТБ) ауыратын науқастармен және вирус жұқтырғандармен жұмыс жасайтын мекемелер мен ұйымдардың жұмысына көмек көрсету.
11. Балалардың демалысын ұйымдастыруға көмек көрсету.
12. Санаққа, аралап өтуге, курьерлік жұмысқа, құжаттарды ресімдеуге қатысу.
13. ДКК анықтамасы бойынша еңбекте шектеуі бар тұлғаларға қосалқы жұмыстар. Вахтадағы кезекшілік.